

## 2021 жылғы сайлау нәтижелерін тексеру

12 қаңтар 2021 ж. 12:00

Алматы қ.

**Сандж зерттеу орталығы: Халық арасындағы сауалнама дауыс бермейтін адамдардың өз тағдырын дауыс беретін азшылықтың – атап айтқанда бюджет қызметкерлері мен мемлекеттік қызметшілердің қолына тапсыратынын көрсетті.**

Тәуелсіз әлеуметтанушылардың деректері бойынша, Қазақстан өзінің саяси басымдылықтарында аймақтар бойынша, кәсібі бойынша сараланған. Нұр Отан партиясын қолдау Атырау облысында 13.6% - дан Қостанай облысында 75.3% - ға дейін ауытқиды. Нұр Отан үшін дауыстардың басым бөлігін мемлекеттік мекемелер мен бюджеттік ұйымдардың қызметкерлері берді. Екінші орында Ақжол партиясы, Қазақстан бойынша орташа есеппен 16%. Оны бизнес қолдайды. Үшінші орында Адал (12.1%) және Ауыл (12.5%). ҚХП 3% - бен жеті пайыздық кедергіні еңсере алмады.

Қазақстан бойынша сайлауға қатысу орта есеппен 44.7%-ды құрады, алайда өңірлер бойынша ол айтарлықтай ауытқиды: төмен көрсеткіштер Алматыда-16.8%, Нұр-Сұлтанда – 33.5%, Атырау облысында – 35.3%, Шымкентте – 38.1%, Ақтөбе облысында – 38.8%. Жоғары көрсеткіштер Ақмола облысында – 64.7%, СҚО – 59.7%, Қостанай облысында – 53.6%. Мемлекеттік қызметкерлер, бюджет және ірі өнеркәсіптік кәсіпорындардың қызметкерлері сайлауға қатысушылардың басым бөлігін құрады.

Нұр Отан үшін дауыс бергендердің ең жоғары пайызы (жауап беруден бас тартқандарды қоспағанда) Қостанай, Ақтөбе, СҚО және Алматы облыстарында байқалды (70% - дан астам). Сонымен қатар Алматыда (47.7%) және Нұр-Сұлтанда – 58.7% өте жоғары пайыз. **Яғни, дауыс бермейтін адамдар өз тағдырларын дауыс беретін азшылықтың қолына береді.**

Бүлінген бюллетеньдердің пайызы үлкен емес – 0.5%. Бәрінен бұрын СҚО, Нұр-Сұлтан қаласында, Павлодар және Маңғыстау облыстарында.

Зерттеу көрсеткендей, адамдар ашық сөйлеуден қорқады: жауап беруден бас тартқан адамдардың үлесі өте жоғары – 20%. Әсіресе БҚО-да (64.5%), ШҚО-да (29.8%), Шымкентте (24.6%), Атырау облысында (25%) және Нұр-Сұлтанда (23.1%) бас тартқандардың үлесі жоғары.

**Зерттеуді Сандж зерттеу орталығы өз қаражатына жасады.**

Өткізу түрі – барлық өңірлер мен республикалық маңызы бар қалаларда қалалық және ауылдық жерлерінің тұрғындарына (61.6 : 35.8) телефон арқылы сауалнама жүргізу, N= 3426, оның ішінде жеке компаниялардың қызметкерлері – 25%, кәсіпкерлер – 5.5%, мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері – 8%, бюджет қызметкерлері – 5.4%, ұлттық компаниялар қызметкерлері – 1.2%, өзін – өзі жұмыспен қамтығандар – 9.3%, студенттер-3.3%, жұмыссыздар-7.7%, зейнеткерлер-14%.

Толық сұхбат алу үшін Сандж зерттеу орталығына хабарласыңыз:

Жанар Джандосова, жетекшісі

Айнагуль Шарипбаева, зерттеу жөніндегі директор

8 777 212 84 73, 8701 327 55 16